

Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы іскерлік ынтымақтастық орталығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қазан 1993 ж. N 992

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы сауда экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, екі елдің іскер топтары арасындағы байланыстарды нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттіктің және "Атамекен" акционерлік корпорациясының Америка Құрама Штаттарында Қазақстан Республикасының Іскерлік ынтымақтастық орталығын құру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарында құрылып жатқан Іскерлік ынтымақтастық орталығына құрылтайшы болу құқықтары берілсін.

3. "Атамекен" акционерлік корпорациясына Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және республиканың мүдделі мемлекеттік кәсіпорындарымен және ұйымдарымен келісіп, Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Іскерлік ынтымақтастық орталығының құрылтайшы құжаттарын және Байқаушы кеңестің құрамы бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі